

Демалыс күнін ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 сәуірдегі N 338 қаулысы

Еңбекшілер демалысы үшін қолайлы жағдай жасау және 2003 жылғы мамырда жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Демалыс күні 2003 жылғы 4 мамыр жексенбіден 2003 жылғы 2 мамыр жұма күніне ауыстырылсын.

2. Қаржылығын қоса алғанда, қажетті өнім өндіру, қызметтер көрсету, сондай-ақ құрылыс объектілерін іске қосу үшін еңбек, материалдық және қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілген ұйымдарға кәсіподақ ұйымдарымен келісім бойынша 2003 жылғы 2 мамырда жұмыс жүргізу құқығы берілсін.

Көрсетілген күні жұмыс істегендерге қолданыстағы заңнамаға сәйкес өтемақы төленеді.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі